

**Өнеркәсіптік толық маусым ішіндегі жұмысы жыл бойғы жұмыс үшін зейнетақы тағайындауға арналған стажға есептелетін маусымдық салаларының тізімі мен Орындалу уақыты денсаулық сақтау мекемелері медициналық қызметкерлерінің жекелеген санаттарына зейнетақы тағайындау арналған еңбек стажының бір жарым мөлшеріне есептелетін жұмыстардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 желтоқсандағы N 1679 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 865 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.08.2013 № 865 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Өнеркәсіптің толық маусым ішіндегі жұмысы жыл бойғы жұмыс үшін зейнетақы тағайындауға арналған стажға есептелетін маусымдық салаларының **т і з і м і ;**

Орындалу уақыты денсаулық сақтау мекемелері медициналық қызметкерлерінің жекелеген санаттарына зейнетақы тағайындауға арналған еңбек стажының бір жарым мөлшеріне есептелетін жұмыстардың тізбесі бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 3 желтоқсандағы  
N 1679 қаулысымен

бекітілген

Орындалу уақыты денсаулық сақтау мекемелері медициналық қызметкерлерінің жекелеген санаттарына зейнетақы тағайындауға арналған еңбек стажының бір жарым мөлшеріне есептелетін жұмыстардың

**ТІЗБЕСІ**

Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық  
патологиялық-анатомиялық бюролар, емдеу мекемелерінің  
патологиялық-анатомиялық бөлімдері

Мәйіттерді патологиялық-анатомиялық | патологанатом дәрігерлер  
ашу және операция мен биопсия кезінде |  
алынған мәйіттік материалды, органдар |  
мен еттерді гистологиялық зерттеу |

Патологиялық-анатомиялық ашуларды | орта медициналық қызметкерлер  
жүргізуге қатысу. Мәйіттік, | кіші медициналық қызметкерлер  
операциялық және биологиялық |  
материалдарды өңдеу |

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық  
сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы, облыстық,  
қалалық, аудандық, ауданаралық сот-медициналық сараптама бюролары

Мәйіттер мен мәйіттік материалды | Дәрігерлер сот-медициналық  
сот-медициналық ашу және зерттеу | сарапшылар

Сот-медициналық ашуларды және | Орта медициналық қызметкерлер  
мәйіттік материалды өңдеуді | Кіші медициналық қызметкерлер  
жүргізуге қатысу |

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 3 желтоқсандағы  
N 1679 қаулысымен

бекітілген

Толық маусым ішіндегі жұмыс зейнетақы тағайындау  
үшін бір жылдық стажға есептелетін өндірістің  
маусымдық салаларының

ТІЗІМІ

Ағаш дайындау және ағаш ағызу  
Ет және сүт өнеркәсібі

Балық өнеркәсібі  
Өнеркәсіптің қант және консерві салалары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ